

Тақырыбы: «Жол ережесін білейік, аман - есен жүрейік!»

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, балаларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: көше ережесін сақтау тақырыбына салынған әр түрлі суреттер, бағдаршам, жол белгілері.

Жүргізуші: - Арманға алда күткен асығамыз, Біз қалай толқын атпай басылармыз. Жол жүру ережесін жақсы біліп, Сақтықпен жүре алатын жас ұланбыз! Жалғайтын достастырып бар елменен, Жолдардан тұрады ғой әлем деген, Бүгінгі бізге келген қонақтарға ойынымыз басталсын сәлемменен!

Жүргізуші: Жол - көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол - көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде.

Міне, осы мақсатта біздің балаларымыздың арасында «Жол жүру ережесін сақтайық» атты жол ережелеріне арналған ойын сауық өткізілуде. Ендеше, қош келдіңіздер!

- Балалар, жол инспекторын ортаға шақырайық

Жол инспекторы:

Сәлем, балалар! Мені барлық елдің балалары жақсы біледі. Бүгін сендерге арнайы келдім.

Жүргізуші

Қош келдің, жол инспекторы! Бүгінгі ойын сауығымыз бәріміз үшін маңызды.

Жүргізуші - Бүгін балалар жол жүру ережелері бойынша өздерінің білімдерін сарапқа салмақшы.

«Қызылдар», «Сарылар», тобы болып сайысқа түседі.

Сонымен ортаға қатысушы топтарды қошеметпен шақырайық!

Бүгінгі бағдарламада:

1. Өз орныңды тап, әр топ өздерінің ұрандарымен топ аттарымен таныстырып өтеді.
2. Жол инспектор қызметкерінің сауалы мен жұмбағы әр топқа сұрақтармен жұмбақтар беріледі.
3. Жол белгілерін еске түсірейік, қиылған суреттерден жол белгілерін құрастыру.
4. Сен білесің бе?, жол белгілерінің суреттері көрсетіледі, соның аттарын айтады